

Біржолғы талондардың құны туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха аудандық мәслихатының 2008 жылғы 26 желтоқсандағы N 14/5-IV шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Шемонаиха аудандық Әділет басқармасында 2009 жылғы 19 қаңтарда N 5-19-89 тіркелді. Күші жойылды - Шемонаиха аудандық мәслихатының 2012 жылғы 21 желтоқсандағы N 8/17-V шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шемонаиха аудандық мәслихатының 2012.12.21 N 8/17-V шешімімен (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына, «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 426-бабы 1-тармағының 1)-тармақшасына, «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексін қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына, 36-бабының 6-тармағына және «Біржолғы талондарды беру Ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы кіріс министрінің 2001 жылғы 30 қазандағы № 1469 бұйрығына сәйкес Шемонаиха аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Шемонаиха қаласының, Первомайский, Усть-Таловка кенттерінің және аудан ауылдарының базарларында тауарларды өткізу құқығына біржолғы талондардың құны базарлардың қимасында белгіленсін (1 қосымша).
2. Біржолғы талондар негізінде ара-тұра сипаттағы қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаларға біржолғы талондардың құны белгіленсін (2 қосымша).
3. Шемонаиха аудандық мәслихатының «Аудан базарында тауар сатумен айналысатын, жұмыс істейтін және қызмет көрсететін жеке тұлғаларға арналған біржолғы талондардың құнын бекіту туралы» 2006 жылғы 12 мамырдағы № 25/6-III (нормативтік құқықтық кесімдерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде 5-19-33 нөмірмен тіркелген, 2006 жылғы 9 маусымдағы № 23 «ЛЗ Сегодня» газетінде жарияланған), «Аудан базарында тауар сатумен айналысатын, жұмыс істейтін және қызмет көрсететін жеке тұлғаларға арналған біржолғы талондардың құнын бекіту туралы» 2006 жылғы 12 мамырдағы № 25/6-III Шемонаиха аудандық мәслихатының шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2007 жылғы 24 шілдедегі № 35/7-III (нормативтік құқықтық кесімдерін мемлекеттік

тіркеу тізілімінде 5-19-59 нөмірмен тіркелген, 2007 жылғы 24 тамыздағы № 34 «Уба-информ» газетінде жарияланған) шешімдерінің күші жойылды деп т а н ы л с ы н .

4. Осы шешім ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы *В.И. ГЕБЕРТ*

Ш е м о н а и х а аудандық

мәслихатының хатшысы *Ә.О. БАЯНДИНОВ*

Шемонаиха аудандық мәслихатының
2008 жылғы 26 желтоқсандағы
№ 14 / 5 - I V шешіміне
№ 1 қосымша

Шемонаиха қаласының, Первомайский, Усть-Таловка кенттерінің және аудан ауылдарының базарларында тауар өткізуші азаматтарға базарлардың қимасындағы біржолғы талондардың құны (әр сатушыдан бір сауда күні үшін теңгемен)

Сауда түрлері және тауарлардың ассортименти	Қала базарларында теңгемен есептегенде біржолғы талондардың құны	Кенттер, селолар базарларында теңгемен есептегенде біржолғы талондардың құны
Азық-түлік тауарлары		
Прилавкадан саудалау	187	140
Палаткалардан саудалау	0	70
Машинадан саудалау	0	175
Ет сату	280	280
Сүт өнімдерін сату	47	0
Самсаны сату	234	234
Кәуәпті сату	210	210
Балды сату	117	117
Балықты сату	140	140
Кәсіпкерлік тауарлар		
Прилавкадан саудалау	163	128
Палаткалардан саудалау	105	58
Контейнерлерден саудалау	199	0
Машинадан саудалау	0	164
Сыпырғышты сату	0,20	0,20

Шемонаиха аудандық мәслихатының
2008 жылғы 26 желтоқсандағы
№ 14 / 5 - I V шешіміне
№ 2 қосымша

Ескерту. 2 қосымшаға өзгеріс енгізілді – ШҚО Шемонаиха аудандық мәслихатының 2009.04.07 N 17/4-IV шешімімен.

Біржолғы талондар негізінде ара-тұра сипаттағы қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаларға біржолғы талондардың құны

Сауда түрлері және тауарлардың ассортименти	Теңгемен есептегенде бір күнгі біржолғы талонның құны
Газет және журналдарды өткізу	58
Тұқымдарды, сондай-ақ отырғызатын материалдарды (ағаштар, өсімдіктер) өткізу	58
Бақша дақылдарын машинадан өткізу	280
Өсірілген гүлдерді өткізу	58
Қосалқы ауыл шаруашылығының, бақшалықтың және саяжай телімдерінің өнімдерін өткізу	23
Жеке тракторлардың иелерімен жер телімдерін өндеу бойынша қызмет атқару	175
Жолы алынып тасталды - Шемонаиха аудандық мәслихатының 2009.04.07 N 17/4-IV шешімімен	
Шемонаиха қ. малдарды жаю	175
Ауданның кенттерінде, ауылдарында малдарды жаю	105